

**Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің  
Астана қаласындағы Өкілдігінің мәселелері**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 15 қыркүйек N 883.  
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.05.21. N 608 қаулысымен. ~P990608

Астана қаласындағы жоғары және орталық мемлекеттік басқару органдарымен өзара іс-қимылда білім, мәдениет, денсаулық, туризм және спорт салаларын тиімді басқаруды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің Астана қаласында заңды тұлға құқығынсыз Өкілдік ашу туралы ұсынысы қабылданын.

2. Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі қызметкерлерінің саны мен еңбекақы қорының бекітілген шегінде:

1) Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің Астана қаласындағы Өкілдігінің қызметкерлерінің жалпы санын белгілесін;

2) Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің Астана қаласындағы Өкілдігі туралы ережені бекітсін.

3. Алматыдан Астанаға ауысу тәртібімен көшкен Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі Өкілдігінің қызметкерлеріне, Астана қаласына көшірілген орталық атқарушы органдардың қызметкерлеріне қолданылып жүрген заңдармен

көздеген, әлеуметтік кепілдіктер мен өтем төлемдері қолданылады деп белгіленсін.

Көрсетілген төлемдер Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің 1998 жылғы басқару аппаратын ұстау шығыстары шегінде, ағымдағы ұстау шығындарын қысқарту есебінен жүргізілсін.

4.

ЕСКЕРТУ. Қаулы күшін жойды - ҚРҰ-нің 1999.03.12.N 233 қаулысымен.

P990233\_

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК